

Ж.Ш. Абдыкалиева

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, Қазақстан  
(E-mail: salta\_27@mail.ru)*

## Ауылшаруашылық кооперативтері — сала дамуының стратегиялық жолы

Мақалада еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ауылшаруашылық кооперациясының рөлі мен маңызы қарастырылған. Мақаланың авторы ауылшаруашылық кооперациясын дамытуға кедергі келтіретін негізгі мәселелерді анықтаған: көлеңкелі экономиканың сақталуы, тауарлық-логистикалық инфрақұрылымның дамымауы, ұсақ ауылшаруашылық өндірушілерінің болуы. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен сатуда ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастырудың, материалдық-техникалық ресурстармен және басқа да қызметтермен қамтамасыз етудегі халықаралық тәжірибе қарастырылған. Автор Қазақстан Республикасында қабылданған ауыл шаруашылығы саласындағы кооперативтер туралы қабылданған заңдардың негізгі ережелерін талдаған. «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына басты назар аударған. Сонымен қатар ұсақ шаруашылықтар мен қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге тарту, бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық тауар өндірісін құру, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіп кешеніне ақпараттық-кеңестік қолдау көрсетуге бағытталған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жұмысын зерттеген. Мақалада Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі кооперативтердің ағымдағы қызметі талданған. Республикада кооперативтік қозғалыстың дамуы туралы негізгі шектеулерді анықталған. Ұсақ шаруа қожалықтарын ірі ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, өңдеу, сақтау, тасымалдау және маркетингке біріктіру бойынша ұсынымдар берілген.

*Кілт сөздер:* аграрлық сектор, ауылшаруашылығын әртарапандыру, ауылшаруашылық кооперативтері, тауарөндірушілер, ірі және ұсақ шаруашылықтар, Ауыл шаруашылығы кооперациясы картасы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, несиелеу, субсидия.

Ауыл шаруашылығы – азық-түлік және экономикалық қауіпсіздікті, сондай-ақ әсіресе ауылдық жерлерде мемлекеттің еңбек әлеуетін қамтамасыз ететін Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі. Қазіргі таңда еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің басты мәселелерінің бірі кішігірім өндіріс болып табылады, бұл жалпы ауылшаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі басқарудың кішігірім шаруашылықтарының жоғары үлесімен расталады.

Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек деп айтты. Бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтарымен шағын фермерлерді кооперативтерге тарту қажеттігін ұсынды. Ауылшаруашылығын әртарапандыру арқылы 2021 жылға дейін азық-түлік экспортын 40 пайызға көбейтуді тапсырды [1].

Ауыл шаруашылығы кооперациясын құру көлеңкелі экономиканы қысқартуға бағытталған. Көлеңкелі сектордың көп үлесі жеке қосалқы шаруашылықтарда анықталып отыр. Агроөнеркәсіп кешенінде көлеңкелі экономиканың сақталуы, салық заңнамасының жетілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлығы, тауарлы-логистика инфрақұрылымының дамымағандығы, бұл, өз кезегінде, нарықта ұсақ ойыншылар санының өсуіне және өнімнің негізсіз қымбаттауына алып келуде. Кооперацияның даму үрдісін тежейтін негізгі себептер: коммерциялық емес формада құрылған ауыл шаруашылығы кооперацияларда пайданы үйлестіру мүмкін еместігі; ауылшаруашылық серіктестіктерімен суды пайдаланушы ауылдық тұтыну кооперативтері үшін жеңілдетілген несиелендірумен арнайы салық режимі түрінде мемлекеттік қолдаудың жоқтығы. Бұған қоса, кооперациялардың қызметі ашық емес, ал ішкі рәсімдерлер дұрыс реттелмеген.

Әлемдегі ауылшаруашылық кооперативтері – ауыл шаруашылығы өнімін шығару, қайта өңдеуде, өткізуде, сақтауда, өндіріс құралдары мен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауда, несиелеуге көмектеседі, сондай-ақ кооперативтің қауымдасқан мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсетуде олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандырып, экономикадағы өз орындарын тапқан бірлестіктер сапында іс атқарады.

Халықаралық тәжірибеге сай ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономиканың мәселелерін шешу ауылшаруашылығы кооперациясын дамыту болып табылады. Бұл жеке қосалқы, шаруа және фермерлік шаруашылықтарды және заңды тұлғаларды аграрлық кооперативке біріктіріп,

кооперативтер арқылы сауда жүйелерін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің ынтымақтастығын құруға негіз болмақ [2].

Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық кооперативтерін құру үшін бірнеше заңдар қабылданды және олардың тізімі төмендегі кестеде көрсетілген.

К е с т е

**Ауылшаруашылық кооперативтері бойынша қабылданған заңдардың қысқаша мазмұны**

Р/с №	Заң атауы	Қолданылу мерзімі	Енгізу ерекшелігі	Қолданылатын басты ұғымдар
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы	Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 21 шілдедегі № 450 Заңы.  Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V Заңымен күші жойылды	Мұнда пайшылар мен селолық тұтыну кооперативтері және олардың қауымдастықтары (одақтарын) арасындағы құқықтық жағдай айқындалады және қоғамдық қатынастар реттеледі	Селолық тұтыну кооперативі — азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру арқылы материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын мүшелік негіздегі ерікті бірлестігі
2	Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы	Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 133-II Заңы.  Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V Заңымен күші жойылды	Заңда ауылшаруашылық серіктестіктерінің құқықтық жағдайы айқындалады, серіктестік пен оның мүшелері арасындағы қатынастар реттеледі	Ауылшаруашылық серіктестіктерінің қауымдастығы (одағы) — ауыл шаруашылық серіктестіктері жалпы жиналысының шешімдері негізінде құрылатын, сондай-ақ серіктестік мүшелеріне құқықтық, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету үшін ауыл шаруашылық серіктестіктерінің ерікті түрде бірігуі
3	Тұтыну кооперативі туралы	Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 мамыр, № 197 Заңы	Мұнда тұтыну кооперативтерінің құқықтық жағдайы, олардың құрылуы, қызметінің, оларды қайта ұйымдастыру мен таратудың ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын, мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, басқару және бақылау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілігін белгілейді	Тұтыну кооперативі — қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын мүшелік негіздегі ерікті бірлестігі
4	Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы	Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 сәуірдегі № 404 Заңы.  Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-	Мұнда суды беру мен пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың — кооперативтің құқықтық жағдайын айқындайды, суару көз-	Су пайдаланушылар — гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды пайдаланатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар

1	2	3	4	5
		V Заңымен күші жойылды	дерін басқару, оларға билік ету үшін барлық су пайдаланушылардың мүдделеріне сай келетін қажетті жағдайларды қамтамасыз етіледі	
5	Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы	Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚР Заңы	Осы Заң ауыл шаруашылығы кооперативтері мүшелерінің құқықтық жағдайын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) құқықтық жағдайын, олардың құрылуы, қызметі, қайта ұйымдастырылуы және таратылуы тәртібін айқындайды	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастығы (одағы) — өз мүшелерінің қызметін үйлестіруді және олардың ортақ мүліктік және өзге де мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылатын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті түрде бірігуі

*Ескерту.* Автормен [3–7] негізінде әзірленген.

Қазіргі таңда аграрлық кооперациясын реттеген Қазақстан Республикасындағы «Селолық тұтыну кооперациясы» туралы, «Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары)» және «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі» туралы Заңдар күшін жойды. Оның орнына ауылшаруашылық ынтымақтастығын дамыту мақсатында 2015 жылдың қазанында аграрлық бизнес тиімділігін арттыру құралы болуға тиіс болатын Қазақстан Республикасының (ҚР) «Ауылшаруашылық кооперативтері туралы» Заң қабылданып, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Қабылданған заң ауылшаруашылық субъектілері мен агроөнеркәсіптік өндірушілер үшін кішігірім басқару нысандарын ірілендіру, біріктіру және жер ресурстарын тиімді пайдалану, өндірілген өнімнің тұрақты сатылымын ұйымдастыру, сақтау, өңдеу және басқа да қызметтерді көрсету барысында кооперативтік принциптердің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын іске асыру мақсатында ауылшаруашылығы саласындағы кооперацияның маңыздылығын арттыруға бағытталған.

«Ауылшаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңының күшіне енгеніне қарамастан, шаруалар кооперативтердің экономикалық жағынан қаншалықты тиімді екендігін толық сезіне қойған жоқ. Мұндағы артықшылықтардың мәні мынада, ең алдымен, еңбек өнімділігі артып, өткізетін тауар мол болғаннан кейін өнімге сұраныс тұрақталады, өндіріс қуаты тиімді пайдаланылып, шығын азаяды, маркетингтік ақпаратқа қолжеткізіледі. Ең бастысы, мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Сондықтан әркім өз бетімен, жеке-жеке өмір сүрудің тиімсіз екендігін түсінетін уақыт жетті. Одан да бірлесіп ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге бағыт ұстап, сүт өнімдерін қабылдайтын орталық құрылса, немесе отбасылық бордақылау және мал сою алаңдары ашылып, орталықтандырылса, ауыл тұрғындарының ұтатыны анық.

Ауыл шаруашылығы ұйымы ішінде ауылшаруашылық тауарын өндірушілер гербицидтерді, ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерін алып, машина-трактор паркінің қызметтерін пайдаланып, өзіндік құн бойынша кооперативте өз өнімін қайта өңдеу мүмкіншілікке ие болады. Сонымен қатар бірігу есебінен кооператив мүшелері өз табыстарын тауарлардың ірі топтамасымен ұзақмерзімді жеткізулерге қатысу арқылы ұлғайта алады. Ревизиялық одақтар (қауымдастықтар) кооперативтерге жыл сайынғы міндетті тексерістер жүргізетін болады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігінің мәліметіне сүйенсек, ұсақ шаруа және жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге тарту бойынша мынадай жұмыстар жүргізілген:

1) барлық 160 ауылдық ауданда семинарлар өткізілді және 2 248 ауылдық округ әкімі мен аудан әкімінің орынбасары оқытылды;

2) ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін кепілсіз және алғашқы жарнасыз модульді сүт қабылдау және сою пункттерін сатып алу схемасы енгізілді, сондай-ақ кооператив мүшелері үшін кредиттерге кепілдік беру тетігі көзделді.

Сонымен бірге тіркелген кооперативтердің барлығы дерлік ұсынылатын талаптарға сәйкес келе бермейді, ал жекелеген өңірлер бойынша жұмысты тұтастай күшейту қажет. Мұндай кооперативтерді талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі шаралар әкімдіктер назарына жеткізілді және олар бойынша нақты жоспар жасалды. Сондай-ақ тиімсіз субсидиялар қысқартылып, салық салу жүйесі жетілдірілетін болады, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін, саланы техникалық қайта жарақтандыру жүргізіледі [8].

Бұдан басқа, Ауыл шаруашылығы кооперациясы картасы қабылданды, Карталарды іске асыру агроөнеркәсіптік кешенді дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығаруға, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын нығайтуға және саланың экспорттық бағдарын күшейтуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2017 ж. басынан бері 1 қазандағы жағдай бойынша 745 ауылшаруашылығы кооперативі құрылған (жылдық жоспарда – 326). 102 587 ірі қара малға арналған 6 159 отбасылық бордақылау алаңы ашылды. Қабылданған шаралар 7,6 мың жеке кәсіпкерлерді тартып, 12 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын ашуға, сондай-ақ ауылшаруашылығы кооперациясына шамамен 56 мың жеке қосалқы және ұсақ шаруашылықтарды тартуға мүмкіндік берді. Мал шаруашылығы өнімдерін шығару көлемі өткен жылмен салыстырғанда 3,3 %-ға ұлғайтылды. Биыл жүргізілген егісті әртараптандыру жұмыстары майлы және бұршақты дақылдар өндірісінің көлемін 376 мың т-ға, немесе өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 18 %-ға, ұлғайтуға жол ашты. 2017 ж. 18 қазандағы жағдай бойынша, 15,2 млн га, немесе 99,7 %, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқаптары жиналды. 14,3 ц/га егін өнімділігі кезінде 21,8 млн т астық бастырылды, сонымен қатар 1,7 млн га, немесе 68 %, майлы дақылдар алаңы жиналды. 2017 ж. 3,3 млн т картоп жиналды, бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 709 мың т-ға жоғары. Есептік кезеңде 3,2 млн т көкөніс (654 мың т-ға жоғары), сондай-ақ, 2,2 млн т бақша дақылдары (126 мың т-ға жоғары) жиналды. 2017 ж. тоғыз айында ет өңдеу үлесі – 33 %, сүт өңдеу – 24 %-ды құраған [9].

Ал енді еліміздің өңірлері бойынша экономикалық талдау жасайтын болсақ, мысалы, Ақмола облысында 46 кооператив (11 ет, 35 сүт бағыты) құрылған. Оның нәтижесінде 157 жаңа жұмыс орны ашылып, несиелік қаражат есебінен 23 модульді сүт қабылдау пункті, 1 сою станциясы, 10 сүт таситын көлік сатып алынған. Меншікті өңдеу бір кооперативте ғана жұмыс істейді, бұл белгіленген Ауылшаруашылық кооперативінің (АШК) жалпы санының 3 % құрайды. Сондай-ақ облыста бос тұрмыстық техника сатып алынды. Аймақтағы шығынды кооперативтердің үлесі 56,5 %-ды құрайды.

Өңірде малдың санының өсуін орта және ірі кәсіпорындар құрайды. Агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың деректерін өңдеудің жалпы өсуі меншікті қуаттар есебінен қамтамасыз етілді және өткен жылда 9,5 % құрады [10].

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» Акционерлік қоғамы Қостанай облысы филиалының директоры Марат Салықбаевтың мәліметінше, 2018 ж. Қостанай облысында 17 ауылшаруашылық кооперативін құру жоспарланған. Бұл мақсатқа 1 млрд 827 млн тг бағытталады. 2016 ж. 6 пилоттық ауылшаруашылық кооперативі құрылып, іске кірісті. Құрылған кооперативтердің 3-і – сүтті бағытта (Федоров, Мендіқара, Қостанай аудандары), 3-і – етті бағытта (Амангелді, Денисов, Сарыкөл аудандары) жұмыс істейді. Филиал тарапынан 181 кооператив мүшесі қаржыландырылды. Қаржы сүт өндіру үшін аналық мал басын сатып алуға, малды бордақылау мен ауылшаруашылық өнімін алу үшін мал басын сатып алуға бағытталды. Сатып алынған малдың жалпы саны – 2000-ға жуық. Қаржыландыру сомасы – 357 млн тг. Одан бөлек, Қор кооперативтерге құрал-жабдықтар мен техника алуға 40,3 млн тг көлемінде несие берген.

Кооперацияны дамыту мақсатында Қостанай облысында «Успенровка-Сүт» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі 2016 ж. желтоқсан айында құрылып, 960 мал басы бар 320 жеке шаруашылықты біріктірді. «Успенровка-Сүт» АШК басшысы Иван Червонюктің мәліметінше, «Ырыс» бағдарламасы бойынша Қор жалпы сомасы 72,5 млн тг 34 кооператив мүшесін қаржыландырды. Жеке қосалқы шаруашылықтар несиелік қаржыға 273 ірі қара мал басын сатып

алды және кооператив сүт таситын көлік пен модульдік сүт қабылдау бекетін алды. Тәулігіне өндіруші кәсіпорынға 9 т сүт жеткізіледі [11].

Ал Ақтөбе облысында 2017 ж. 188 шаруа қожалығы ауыл шаруашылығының дәстүрлі емес түрлерімен айналысады. Олар, негізінен, ешкі сүті мен бал өндіріп, балық өсіреді, құлпынай және таңқурай егеді. Сонымен қатар 198 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Алдағы мақсат ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарында шағын және орта шаруашылықтар мен кооперативтерді дамытудың тиімді жүйесін құру болып табылады. Өңірдегі осындай ынтымақтастықтың жақсы үлгісі ретінде бүгінгі күні жанында 357 шаруашылық жұмыс істейтін «Актеп» жауапкершілігі шектелген серіктестікті атауға болады [12].

Батыс Қазақстан облысында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының» қатысуымен 25 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды, оның ішінде 22 ет бағытында және 3 сүт бағытындағы. Олар 1093 шағын шаруашылықты біріктіріп отыр. Бүгінгі таңда 6 батыс қазақстандық кооператив 90,5 млн тг көлемінде, кооперативке кірген 660 шаруашылық 1 млрд 980 млн тг көлемінде несиелер алды. Қор қаражатының көмегімен модульдік сою және сүт қабылдау бекеттері, 2,6 мыңнан астам мал басы сатып алынды [13].

Қарағанды облысында 2016 ж. 17 ауылшаруашылық өндірістік кооперативі құрылды. 2017 ж. – 56. Алайда бүгінгі таңда бес аудандағы 73 кооперативтің тек 15-і ғана өнімдерін шығара бастады – барлығы 631 т сүт және 77 т ет. Абай ауданындағы шаруашылықта 375 тонна сүт өндірілген, ол жалпы көлемнің шамамен 50 % құрайды. Бұқаржырау ауданында 4 кооператив шамамен 100 т сүт, ал Қарқаралы ауданындағы 4 кооператив – 100 т сүт өндірді. Қалған 55 т Нұра ауданына тиесілі. Жаңаарқа ауданының ауылшаруашылық кооперативтері 6 т ет сатқан. Қалған аудандарда өнім өндіру әлі басталған жоқ.

Қарағанды облысының Шет ауданындағы «Алға» кооперативі алғашында құрамында 20 қатысушысы болған бірлестіктің бүгінде 40-тан астам қатысушысы бар. Кооперативке кірген шаруашылықтар қандай табысқа жетуіне мынадай жағдайлар себепкер болды: Біріншіден, жеңілдетілген несиелеуге қолжеткізді. Шағын несие ретінде берілген 82,3 млн тг 630 ірі қара мал басын сатып алуға жұмсалды. Екіншіден, кооператив ауылда мал соятын бекетті орнатты. Модульдік жабдықтың жарты сомасы мемлекеттік субсидия есебінен төленіп, қалған жартысын кооператив 7 жыл ішінде қайтарады. Үшіншіден, өндірушілер өнімді тауарлық заттармен сапалы түрде алатын болды [14].

Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Қызылжар ауданының «Красный яр» кооперативі өз ауылында құс фермасын ашты. Жеңілдікпен несиелеу асыл тұқымды қаздарды және өнеркәсіптік инкубаторды сатып алуға мүмкіндік берді. Ендігі жерде мал соятын және мамықты қайта өңдеу цехын ашуды жоспарлап отыр. Жалпы, Қордың қолдауымен 160 сүт қабылдау бекеті, 70 мал сою бекеті қаржыландырылып, бордақылау үшін 100 мың ірі қара мал және 28 мыңнан аса сүтті ірі қара мал сатып алынды, 51 сүт тасымалдау көлігі мен 42 рефрижератор сатып алынды. Құрылған кооперативтер толық жұмыс істегенде жыл сайын 67,5 мың тонна сүт, 24 мың т ет, 10 мың т алма, 15 мың т басқа ауылшаруашылық өнімін дайындайтын болады. 2018 ж. да ауылшаруашылық жобаларын қаржыландыру жалғастырылады. Бұл орайда Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры жалпы сомасы 45 млрд т-ден астам несиелеуді жоспарлап отыр [15].

2017 ж. қорытындысы бойынша республиканың ауыл шаруашылығының барлық салаларында 1180 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркелді. Тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі күні ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауды тек 528 ауыл шаруашылығы кооперативі ғана жүзеге асырып отыр. Кооперативтердің қалған бөлігі өз қызметін жаңа форматта жүзеге асырмайды немесе келешегі жоқ.

2017 ж. ауыл шаруашылығын қолдауға 25 млрд тг бөлінді. Жабдықтарды сатып алу үшін жалпы саннан 329 ғана АШК несиелеумен қаржыландырылды. Несие желісі бойынша жабдықты алған кейбір АШК оны толық көлемде пайдаланбаған, алынған жабдық ешқашан пайдаланылмаған жағдайлар да болған [8].

Тәжірибе көрсеткендей, бұл жағдай Қазақстан Республикасының барлық өңірлеріне тән. Кооперацияның дамуына теріс әсерін тигізіп отырған мынадай негізгі мәселелерді көрсетуге болады:

- АШК қызметін жүзеге асырмайтын кооперативтердің айтарлықтай көп болуы;
- кооператив мүшелерімен өзара әрекеттесу кезінде пайдаға салық салу мәселелері, алғашқы қосымша күн салығының болмауы;
- құрылған АШК-нің нашар жабдықталуы;

– қажетті жобалық қуаттылық үшін белгіленген АШК өндірісінің болмауы;  
– өндірілетін өнімдерді сатумен байланысты проблемалардың болуы, өнімнің технологиясы мен қауіпсіздігі саласындағы нақты білімнің жоқтығы, сондай-ақ негізгі және айналымдағы қаржының жоқтығы;

– өнімге (ет, сүт және жеміс) арналған қайта өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті бағасы нарықтық бағалармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті еместігі.

Сонымен, шағын шаруа қожалықтарды ірі өндірушімен немесе қайта өңдеушімен серіктестік қалыптастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру – аталған саланың дамуына әсерін тигізеді, атап айтқанда:

- кооперативке біріккен барлық қатысушылардың технологиялары толығымен сақталады;
- фермерлерге және асыл тұқымды күшейткіштерге кепілдік беру сатылымы, бордақылау алаңдары, фермерлердің табыстылығын арттырады;
- сапалы және қымбат асыл тұқымды бұқаларды пайдалану (жалға алу есебінен) жүзеге асырылады;
- бордақылау алаңдары мен ет өңдеу зауыттарының жүктемесін көтеру, мәдени азық-түлік өнімдерін өндіруді ынталандырады;
- тұрақты сапалы ет өнімдері ветеринарлық қауіпсіздікті арттырады;
- малдарды өнеркәсіптік сою экспорттауға жарамды кепілдік беруді қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017 ж. [Электрондық ресурс] / Н. Назарбаев. — Қолжетімділік тәртібі: [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kan-tar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kan-tar).
- 2 Өксікбаев М. Ауыл шаруашылығы кооперативтері дамуы: әлемдік тәжірибе [Электрондық ресурс] / М. Өксікбаев. — Қолжетімділік тәртібі: <http://farmers.kz/kz/news/cooperation/auyl-sharuashylygy-kooperativteri-damuy-elemdik-tezhiribe>.
- 3 Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 21 шілдедегі № 450 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000450\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000450_).
- 4 Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 133-II Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133_).
- 5 Тұтыну кооперативі туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 мамырдағы № 197 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000197\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000197_).
- 6 Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 сәуірдегі № 404 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404_).
- 7 Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000372>.
- 8 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі А.И. Мырзахметовтың 2017 жылғы 2 маусымдағы халық алдында есеп беруі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://mgov.kz/aza-stan-respublikasy-auyl-sharuashyly-y-ministri-a-i-myrgyzmetovti-2017-zhyl-y-2-mausymda-y-haly-aldynda-esep-berui/>.
- 9 Әбдірейқызы Б. Бағдарламалар басым міндеттерді шешеді [Электрондық ресурс] / Б. Әбдірейқызы. — Қолжетімділік тәртібі: <http://economics.kazgazeta.kz/?p=22448>.
- 10 Әліпбай С. Ауылды кооперативтендіруде асығыстыққа жол берілмесе игі [Электрондық ресурс] / С. Әліпбай. — Қолжетімділік тәртібі: <https://www.egemen.kz/article/167233-auyldy-kooperativtendirude-asyghystyqqa-zhol-berilmese-igi>.
- 11 Қалдан Е. Биыл 17 Ауылшаруашылық кооперативі құрылады / Е. Қалдан // «Айқын» Республикалық қоғамдық-саяси газеті. — 2017. — 10 мамыр. — 3-б.
- 12 Ақтөбе облысының әкімі Б.М. Сапарбаевтың «2017 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және 2018 жылға арналған міндеттері туралы» есебіне тезистері [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.aktobegazeti.kz/?p=63075>.
- 13 «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ баспасөз қызметі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.kazagro.kz>.
- 14 Кооператив жұмысын ширату қажет // Орталық Қазақстан. — 2017. — 9 қараша. — 3-б.
- 15 Жағыпарұлы Ж. 2018 жылы да ауылшаруашылық жобаларын қаржыландыру жалғасады / Ж. Жағыпарұлы // Егемен Қазақстан. — 2017. — 27 желт. — 5-б.

Ж.Ш. Абдыкалиева

## Сельскохозяйственный кооператив — стратегический путь развития отрасли

В статье рассмотрены роль и значение сельскохозяйственной кооперации в обеспечении экономической безопасности страны. Автором статьи определены основные проблемы, сдерживающие развитие сельскохозяйственной кооперации: сохранение теневой экономики, неразвитость товарно-логистической инфраструктуры, наличие мелких сельскохозяйственных товаропроизводителей. Показана роль международной практики организации сельскохозяйственных кооперативов в производстве и реализации сельскохозяйственной продукции, обеспечении членов кооперации материально-техническими ресурсами и другими услугами. Автором проведен анализ основных положений принятых законов по сельскохозяйственной кооперации в Республике Казахстан. Основное внимание уделяется Закону Республики Казахстан «О сельскохозяйственных кооперативах». Изучена работа Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан по привлечению мелких фермерских и подсобных хозяйств в кооперативы, формированию основ создания конкурентоспособного сельскохозяйственного товаропроизводства, обеспечению продовольственной безопасности страны и информационно-консультационному обеспечению агропромышленного комплекса. Проанализирована текущая деятельность кооперативов по регионам Республики Казахстан, выявлены основные сдерживающие факторы развития кооперативного движения в республике. Предложены рекомендации по объединению мелких крестьянских хозяйств в крупные сельскохозяйственные кооперативы по производству, переработке, хранению, транспортировке и сбыту сельскохозяйственной продукции.

*Ключевые слова:* сельскохозяйственный сектор, диверсификация сельского хозяйства, сельскохозяйственные кооперативы, товаропроизводители, крупные и мелкие фермы, карта сельскохозяйственного кооператива, переработка сельскохозяйственной продукции, кредитование, субсидии.

Zh.Sh. Abdykaliyeva

## Agricultural cooperative — strategic way of industry development

The article deals with the role and importance of agricultural cooperation in ensuring the economic security of the country. The author of the study identifies the main problems hindering the development of agricultural cooperation: the preservation of the shadow economy, underdevelopment of commodity and logistics infrastructure, the presence of small agricultural producers. The role of the international practice of the organization of agricultural cooperatives in the production and sale of agricultural products is revealed by providing members of cooperation with material and technical resources and other services. The analysis concentrates on the main provisions of the adjusted laws on agricultural cooperation in the Republic of Kazakhstan. It also focuses upon the law of the Republic of Kazakhstan «on agricultural cooperatives». This article covers the work of the Ministry of agriculture of RK on attraction of small farms and subsidiary farms in cooperatives; formation of bases of creation of competitive agricultural commodity production; ensuring food security of the country; information and consulting support of agro-industrial complex. The current activities of cooperatives in the regions of the RK are analysed by revealing the main restraining factors of development of cooperative movement in the Republic. Some recommendations are presented for the unification of small farms in large agricultural cooperatives for the production, processing, storage, transportation and marketing of agricultural products.

*Keywords:* agricultural sector, agricultural diversification, agricultural cooperatives, commodity producers, large and small farms, Agricultural cooperative map, agricultural products processing, crediting, subsidies.

## References

- 1 Nazarbaev, N. (2017). «Kazakstannyn ushinshi zhanhyruy: zhahandyk basekehe kabilettilik» Kazakstan khalkyna zholdaу 31 kantar 2017 zhyl [Kazakhstan's Third Revival: Global Competitiveness «message to the people of Kazakhstan». *akorda.kz*. Retrieved from [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdaу-2017-zhylgy-31-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdaу-2017-zhylgy-31-kantar) [in Kazakh].
- 2 Oksikbaev, M. Auyl sharuashylyhy kooperativteri damuy: alemdik tazhiribe [Development of agricultural co-operatives: world experience]. *farmers.kz*. Retrieved from <http://farmers.kz/kz/news/cooperation/auyl-sharuashylygy-kooperativteri-damuy-elemdik-tezhiribe> [in Kazakh].
- 3 Kazakstan Respublikasyndahy selolyk tutynu kooperatsiiasy turaly. Kazakstan Respublikasynyn 1999 zhylyhy 21 shildedehi N 450 Zany [On rural consumer cooperation in the Republic of Kazakhstan. Law of the Republic of Kazakhstan dated July, 21, 1999 N 450]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000450\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000450_) [in Kazakh].

4 Auysharuashylyk seriktestikteri zhane olardyn kauymdastyktary (odaktary) turaly. Kazakstan Respublikasynyn 2000 zhyly 25 zheltoksandahy N 133-II Zany [About Agricultural Partnerships and Their Associations (Unions). Law of the Republic of Kazakhstan dated December 25, 2000 N 133-II]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133_) [in Kazakh].

5 Tutynu kooperativi turaly. Kazakstan Respublikasynyn 2001 zhyly 8 mamyrdahy N 197 Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan dated May 8, 2001 No. 197 On Consumer Cooperatives]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000197\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000197_) [in Kazakh].

6 Su paidalanushylardyn selolyk tutynu kooperativi turaly. Kazakstan Respublikasynyn 2003 zhyly 8 sauirdehi N 404 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 8, 2003 N 404 On the Consumer Cooperative of Water Users]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404_) [in Kazakh].

7 Auyly sharuashylyhy kooperativteri turaly Kazakstan Respublikasynyn Zany 2015 zhyly 29 kazandahy No. 372-V KRZ [Law of the Republic of Kazakhstan «On Agricultural Cooperatives» of October 29, 2015 № 372-V]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000372> [in Kazakh].

8 Kazakstan Respublikasy Auyly sharuashylyhy ministri A.I. Myrzahmetovtyn 2017 zhyly 2 mausymdahy halyk aldynda esep berui (2017) [Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan Myrzahmetov's report to the population on 2 June 2017]. *mgov.kz*. Retrieved from <http://mgov.kz/aza-stan-respublikasy-auyl-sharuashyly-y-ministri-a-i-myrzahmetovti-2017-zhyl-y-2-mausymda-y-haly-aldynda-esep-berui/> [in Kazakh].

9 Abdirejkyzy, B. Bahdarlamalar basym mindetterdi sheshedi [Programs solved priority tasks]. *economics.kazgazeta.kz*. Retrieved from <http://economics.kazgazeta.kz/?p=22448> [in Kazakh].

10 Alipbaj, S. Auyldy kooperativtendirude asyhystykka zhol berilmese ihi [Good rationality in rural cooperatives is inadmissible]. *egemen.kz*. Retrieved from <https://www.egemen.kz/article/167233-auyldy-kooperativtendirude-asyghystykka-zhol-berilmese-igi> [in Kazakh].

11 Kaldan, E. (2017). Biyl 17 Auylysharuashylyk kooperativi kurylady [This year 17 agricultural cooperatives will be created]. «Aikyn» Respublikalyk kohandyk-saiasi hazeti – Republican political and political newspaper «Aikyn», 10 may, 3 [in Kazakh].

12 Aktobe oblysynyn akimi B.M. Saparbaevtyn «2017 zhyldyn aleumettik-ekonomikalyk damu korytyndysy zhane 2018 zhylyha amalhan mindetteri turaly» esebine tezisteri [Akim of Aktobe region Abstracts of B.M. Saparbayev on the report «Results of socio-economic development of 2017 and tasks for 2018»]. *aktobegazeti.kz*. Retrieved from <http://www.aktobegazeti.kz/?p=63075> [in Kazakh].

13 «Auyly sharuashylyhyn karzhylai koldau kory» AK baspasoz kyzmeti [Press Service of JSC «Fund for Financial Support of Agriculture»]. *kazagro.kz*. Retrieved from <http://www.kazagro.kz> [in Kazakh].

14 Kooperativ zhmysyn shiratu Kazhet (2017). [It is necessary to cooperate]. *Ortalyk Kazakstan*, 9 November, 3 [in Kazakh].

15 Zhagyparuly, Zh. (2017). 2018 zhyly da auylysharuashylyk zhobalaryn karzhylandyru zhalhasady [Financing of agricultural projects will continue in 2018]. *Ehemen Kazakstan*, 27 December, 5 [in Kazakh].